

ӘӨЖ 811.512.1

МРНТИ 16.21.07

DOI 10.56525/TZAR2070

ЖЕТІСУ Өңіріндегі көне түркі топонимдері***Нұрдәулетова Б. И.¹, Алиаскаров Д.²**¹Есенов университеті Ақтау, Қазақстан,
e-mail: nurdauletova@mail.ru²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы-бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Аннотация. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атауларының халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік бұқаралық ақпараттық құралдарда, ғаламторда қолданылу өрісі кеңейіп келеді. Еліміздегі күллі түркі халықтарына ортақ топонимдердің орфографиялық, орфоэпиялық жақтан дұрыс қалыптасуы тарихи атаулардың ғылыми интерпретациялануымен, басқа жазу жүйесінен сауатты транслитерациялануымен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Қытай және Шығыс елдерінің кітапхана, архив қорынан қарастырылатын материалдардың түркі халықтары интеграциясының тарихи-географиялық, тілдік негізі – жер-су атауларын зерттеу аса өзекті.

Орталық Азия топонимдерінің қазіргі құрамын және олардың өзге тілдер мен ескі жазу нұсқаларында кездесетін түрлерін анықтау үшін, тарихи мәліметтерге сүйеніп, қазақ тайпаларының ертедегі дәуірінен бастап қазіргі ұлт болып қалыптасуына дейінгі топонимдерімен байланыстыра зерттеудің айрықша маңызы бар. Орталық Азия өңірінде әр-дәуірлерде қандай ру-тайпалар өмір сүрген, олар қандай тілде сөйлеген, қандай дін ұстанған, көршілерімен қандай қарым-қатынаста болған т.б. мәселелер бәрі жан-жақтылы қаратырылуы қажет. Тілдік және тарихи деректер, археологиялық қазбалар ежелгі ғұндар мен сақтардың қазіргі түрік тілдес халықтармен, оның ішінде қазақтармен мәдени ғана емес терең туыстық қатынас ұқсастықтар бар екенін дәлелдеді. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген барлық аумақ қамтылуы тиіс. Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстігі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі, барлығы қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі.

Мақалада Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы көне түркі топонимдері, олардың тарихи-этимологиялық сипаты, географиялық орналасуы, бұрынғы және қазіргі транскрипциялануы талданады. Мақаланың зерттеу деректері ретінде 2024 жылғы Қазақстан және Қытай трансшекарасына жүргізілген далалық ғылыми экспедицияның материалдары пайдаланылды.

Түйін сөздер: Түркі топонимдері; Жетісу облысы; трансшекаралық аймақ; қытай деректері; топонимикалық қабаттар; Қашқари картасы; ежелгі ғұндар мен сақтар; «26 тарихы»; түркі өркениеті.

Кіріспе. Трансшекаралық аумақтағы, оның ішінде Қазақстан мен Қытай жерлерінің тоғысқан аймағындағы түркілік топонимдерді зерттеудің маңыздылығы қашан да зор. Әсіресе Жетісу жеріндегі жер-су атаулары мен оның тарихи түп-тамырлары туралы ізденістер тіл білімі

саласының күн тәртібінен түспейді, өйткені мұндай зерттеулер Орталық Азия халықтарының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі мәдени және тарихи байланыстарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Топонимия, тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде, аймақты мекендеген халықтардың тарихы мен рухани мұрасын көрсетеді. Атап айтқанда, ежелгі топонимдер көші-қон процестерін, халықтар арасындағы өзара ықпалдастықты, сондай-ақ тіл мен мәдени дәстүрлердің әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеруін бағамдауға септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, мұндай зерттеулер Орталық Азиядағы әр түрлі өркениеттер мен халықтар арасындағы көне байланыстарды түсінуде үлкен рөл атқарады. Топонимдер – халықтың ұзақ ғасырлар бойы сақталған тұрақты мәдени элементтерін анықтауда маңызды дереккөз екенін ескерер болсақ, трансшекаралық аймақтар жер-су атауларының зерделенуі халқымыздың тарихи байланыстарын ашып қана қоймай, ендігі интеграция жайына оң ықпал етеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жоғарыда көрсетілген маңызды себептерді ескере отырып, Қазақстан мен Қытай трансшекарасы аумағындағы көне түркілік топонимдерді зерделеу міндеті жолға қойылған. Зерттеу жұмысының нәтижесіне жету жолында тарихи-географиялық, тарихи-салыстырмалы, тілдік анализ, топонимикалық және этимологиялық талдаулар жасалды. Сонымен қатар экспедиция материалдары пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

2024 жылы 20 қазан мен 3 қараша күндері Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы түркі топонимдері орналасқан аймақтарға далалық экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы аймақтар қатарына жататын Жетісу облысының Кербұлақ ауданы мен Панфилов ауданы территориясындағы Найзатапқан, Қойтас, Қарақол, Науа, Шамшы, Тасқашар, Сығырылған, Баркөрнеу, Китің, Доланқара, Қоңырөлең, Қарамола су, Бөрібайби, Басши, Тастыбастау, Байғазы, Қарымсақ, Қаспан, Байғазы өзені, Майтөбе өзені, Төгерек, Жаманның сайы, Аламанның асуы, Күреңбел, Қоянкөз, Жайнақбатыр, Қоңырөлең, Жаркент, Тышқан, Ақкент, Ілебалық т.б. көне түркі топонимдері зерттелді.

Орталық Азия топонимдерінің қазіргі құрамын және олардың өзге тілдер мен ескі жазу нұсқаларында кездесетін түрлерін анықтау үшін, тарихи мәліметтерге сүйеніп, қазақ тайпаларының ертедегі дәуірінен бастап қазіргі ұлт болып қалыптасуына дейінгі топонимдерімен байланыстыра зерттеудің айрықша маңызы бар. Орталық Азия өңірінде әр-дәуірлерде қандай ру-тайпалар өмір сүрген, олар қандай тілде сөйлеген, қандай дін ұстанған, көршілерімен қандай қарым-қатынаста болған т.б. мәселелер бәрі жан-жақтылы қаратырылуы қажет. Тілдік және тарихи деректер, археологиялық қазбалар ежелгі ғұндар мен сақтардың қазіргі түрік тілдес халықтармен, оның ішінде қазақтармен мәдени ғана емес терең туыстық қатынас ұқсастықтар бар екенін дәлелдеді. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген барлық аумақ қамтылуы тиіс. Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстігі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі –барлығы қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі.

Түрлі тарихи жағдайларға байланысты бұл өңірлерде өзге тілде қойылған топонимдерде пайда болғаны шындық. Басым бөлігі ең ежелгі түркілік болуына қарамастан онда араб, моңғол, маньчжур, қытай, орыс тілдерінде қойылған топонимдер кездесіп жатады. Зерделеп қарағанда, топонимдерде кездесетін тілдік қабаттардың ішінде орыс және қытай тілдері негізіндегі топонимикалық қабат - «ең үстіңгі қабат» екені белгілі болып отыр.

Түркілік топонимдердің хатқа түскен ең ежелгі нұсқалары қытай тарихнамаларында кездеседі. Алды біздің эрамызға дейінгі дәуірлерде өмір сүрген ежелгі ғұндар, үйсіндер т.б ру-тайпалардың қонысы жайлы деректер, онан кейінгі 7-8 ғасырлардағы көне түркілерлердің территориясы жайлы мол мағлұматтар зерттеушілер назарын аударып келеді. Қытай ғалымдарымен бірге бұл салада Жапон ғалымдары көптеген зерттеулер жасады. Қытай

иероглифтерімен хатқа түскен түркілік сөздерді реконструкциялау бүгінге дейін толық шешімін таппай келе жатқан күрделі тақырыптардың бірі. Қытайдың «26 тарихындағы» Орталық Азия мен түркілерге қатысты жылнама-шежірелер бірнеше ғасыр бойы әлем түркологтарының назарын өзіне аударып келеді.


VII ғасырдан бастап Қазақстан аумағын зерттеуде мұсылман елдерінен шыққан ғалымдар көрнекі рөл атқара бастайды. Олар өз саяхаттарының жазба ескерткіштері және сұрастырып білгендерінің негізінде жалпы географиялық деректер қалыптастырған. Қазақстанды географиялық тұрғыдан зерттеу тарихы үшін араб географтары Ибн Хордадбехтің, Макдисидің, Ибн Хаукальдің, Ибн Рустенің, әл-Истахридің, әл-Масудидің, әл-Идри сидің және басқа ғұламалардың еңбектерінің маңызы айрықша зор [1, 31].

Ерте ортағасырлық дәуірде (7-8 ғғ.) Түрік қағанаты бөлінгеннен кейін Жетісудың аумағын арабтар да, қытайлар да басып алмай, түрік халықтарының қолында қалды. Сондықтан Орта Азиядағы басқа аймақтарға қарағанда мұнда түркі атаулары көбірек сақталған. "Халлух елінің қақпасы" деп аталатын Жетісу қалалары сауда орталықтары болды, Жетісу қалаларында түркілер, соғдылар және мұсылман көпестері бірге өмір сүрді [1, 12].

Отандық зерттеушілер Г. Алиаскаров пен Е. Еспенбет Жетісуға бүкіл түркі әлемінің бесігі тұрғысынан қарауды ұсынады. Олардың болжамы бойынша қазіргі түркі өркениетінің тамырын дәл Жетісудан іздеу керек. Мұны жаңа гипотеза ретінде негіздейді.

Географиялық тұрғыдан алып қарағанда Махмұд Қашғаридың қолжазба күйінде сақталған «Дөңгелек картасы» өте көңіл аударарлық (1-сурет).

Бұл картаны К. Миллер, А. Герман, И.И. Умняков, И.Ю. Крачковский, Ш.Д. Алиев, Х.Х. Хасанов және басқалары зерттеген. Зерттеушілердің бәрінің ойы бір жерден шығады. Махмұд Қашғари картасының жасалуы өте соны әрі оқшау да, идеясы батыл: картаның дәл ортасында Меккенің орнына (әдетте араб географтары солай жасаған) Қашқария мен Жетісу және Баласағун қаласы алынған. Бұл картаның өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар: қалалар мен елдердің Ыстықкөл айналасына шоғырлануы, ерекше бағдарлауы (жоғары қарай – шығыс, төменде – батыс) көне түрік жазбаларына ұқсас болуы, қалалардың бестік болып шоғырлануы және т.б.



Сурет 1 - М. Қашқаридың дөңгелек картасы

Қашғари картасында Орта Азия екі бөлікке бөлінген: таулы және жазықтық. Олардың шекараларында Баласағун қаласы – Қараханидтер мемлекетінің саяси және мәдени астанасы

орналасқан. Картаның кейбір кемшіліктеріне қарамастан, И.И. Умняков, Ә.С. Бейсенова сияқты ғалымдар картаны ХІ ғасырда Орталық және Орта Азияда жасалған түріктің ірі картографиялық ескерткіші деп бағалаған [1].

В. Бартольд Махмұд Қашғариді «Кітаби деректерге сүйенбей, сол елде өзі көріп білген нақты оқиғалар негізінде жазған Орта Азиядағы бірден-бір араб авторы» деп атаған [2]. Қашғари сөздігінде көптеген мемлекеттердің, қалалардың, таулардың, көлдер мен өзендердің атаулары беріледі және оларға этимологиялық түсініктер жазып, жер-су аттарын тарихи әрі географиялық тұрғыдан сипаттаған.

Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық Жетісу облысында түркі тілдес жер атаулары көптеп кездеседі. Бұл аймақ тарихи тұрғыда түркі халықтары үшін маңызды орын болған және жер атаулары көбінесе табиғатпен, географиялық ерекшеліктермен байланысты болып келеді. Қазақ даласын зерттеген ертедегі қытай ғалымдары Сыма Цянь, Чжан Цянь және Гао Син 13-15 ғасырлар аралығында, яғни, Алтын Орда мен Шыңғыс хан империясының ықпалы кезінде қазақ даласындағы жер-су атауларын зерттеп олар туралы жазбаларын қалдырды. Бұл кезеңде Қытай мен Қазақстан арасындағы саяси, мәдени және сауда қатынастары қарқынды болды, әсіресе Шыңғыс ханның ұрпақтары билік жүргізген уақытта халықаралық байланыс нығайды. Чжуан Чжун, Ли Жун, Хуэй Чжэнь, Сун Юй және басқа ғалымдар 13-14 ғасырларда Жетісу, Іле және Талас сияқты өңірлер туралы жазды. Бұл ғалымдар жергілікті табиғи жағдайларды сипаттап, түркі және монғол халықтарының өмір салты мен мәдениетін терең зерттеді. Осы тарихи кезеңдегі жер атауларынан: Алтай, Турфан, Үш Турфан, Тарым, Такла-Макан, Жаркент, Қара шахар, Куча, Ақсу, Қызылсу, Қашқар, Іле өзені, Талас өзені, Алтай тауы, Жаркент, Сайран, Алмалы, Түргенкент, Алакөл, Құлжа және Ақкент сынды атаулар бар.

Қазақстан мен Қытай трансшекаралық аймағындағы Жетісу облысының Кербұлақ және Панфилов аудандары түркі топонимдерінің көптеп сақталған жері болып табылады. Сондықтан, аталған аймаққа арнайы экспедиция жасалды. Зерттеу көрсеткендей, Жетісу облысындағы Чилик ауданының атауы түркі тіліндегі «піл сүйегі» немесе «ақ металл» деген сөзден шыққандығы анықталды. Ал, Жетісу облысы арқылы ағып өтетін «Іле» өзенінің атауы түркі тіліндегі «бақытты» немесе «қуанышты» деген сөзінен алынған. Сондай-ақ, Жетісу облысында орналасқан Есік көлі түркі тілінде «жылы» деген сөздің атымен аталған.

«Жетісу» топонимі - түркілердің аймаққа келуінің алғашқы жылдарынан бастап пайда болған нағыз түркі тектес атау. Алайда, түркілердің осы аумақта ғасырлар бойы болғанына қарамастан, Жетісу туралы алғашқы жазбаша дереккөздер 1820 жылы орыс бароны Е. Мейендорфтың есебінде ғана пайда болды. Осы уақытқа дейін Жетісу топонимі Шу мен Талас алқабын айналып өткен VII ғасырдағы қытай саяхатшысы Сюань Цзянның күнделіктерінде де, ХІ ғасырдағы Қарахани ғалымы Махмұд Қашғаридің кітаптарында да, ХVІ ғасырдағы Хайдар Дулатидің Тарихи еңбектерінде де, Сібірдің сурет кітабында да Семен Ремезовтың жазбаларында да, Швед Густав Ренатаның жоңғарда тұтқында болған карталарда да айтылмаған.

«Жетісу» – «Жеті өзен аңғары» деген түсіндірулер бар. Сонымен бірге, өлкенің отарлау кезеңіндегі осы жеті өзеннің сансыз тізімдері бар. Бұл «Жеті өзен» туралы әр уақытта этнограф Гейнс, географ Шренка, геолог Влангали, офицер Уәлиханов, тарихшы Бартольд және басқалар айтты, бірақ олардың ешқайсысы аңғардың атауы болған жеті өзеннің нақты тізімін ұсынбады.

Панфилов ауданы – Жетісу облысының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. 1923-42 жылдары Жаркент ауданы, 1942 жылдан 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі И.В. Панфилов есімімен аталады. 1956 жылы ауданға Октябрь ауданы (орталығы Көктал ауылы) қосылды. Орталығы — Жаркент қаласы.

Аудан солтүстік және батыс жағында Кербұлақ ауданымен, шығысында Қытаймен (ҚХР) және оңтүстігінде Іле өзені арқылы Ұйғыр ауданымен шектеседі. Солтүстік-батысында Жетісу (Жоңғар) Алатауының Тоқсанбай, Бежінтау, солтүстік-батысында Қатутау, Қояндытау

жоталарымен шектелген. Ауданның ең биік жері — Мұзтау тауы (4370 м). Оңтүстік-шығыста аласа таулы Ақтау тауы (883 м) жайласқан. Мұнда палеоген кезеңінде (шамамен бұдан 50 млн. жыл бұрын) тіршілік еткен жануарлардың сүйектері сақталған Ақтау палеонтологиялық қазба орны бар. Аудан аумағына Алтынемел ұлттық паркінің қиыр шығыс бөлігі кіреді (40 мың га). Жер қойнауында полиметалл кентастары (Үлкен Өсек), көмір (Тыңқы), алтын, күміс (Шығыс Қат, Сорқара, Сенім) және Жаркент артезиан алабында термальды су көздері бар.

Жаркент қаласы – Жетісу облысы Панфилов ауданының орталығы (1928 жылдан).

Ш.Уәлиханов 1856 жылы «Шығыс Түркістанға саяхат күнделігі» атты еңбегінде, қазіргі Жаркент өңірінде болған кезін суреттей келе, «Үсек өзенінің жағасында аялдауға лаж болмады. Шынында да айналасында құм мен тас, тым болмаса бір шөп болсашы, үй тіккендей таза орынның өзін төңіректі барлап, қанша іздесек те таба алмадық» [3, 195], — деп жазған. Шоқан өткен осы жерде 1882 жылы Жаркенттің іргесі қаланып, 1891 жылы қала болды. Бастапқыда, негізінен, ұсақ қолөнершілер мен сауда-саттық қаласы болған, 1928 жылдан аудан орталығы. Осы кезде жаңа кәсіпорындар ашылып, құрылыстар салына бастады. Қала 1942 — 1992 жылы аралығында Кеңес Одағының батыры И.В.Панфиловтың есімімен аталды.

Облыс орталығы — Талдықорған қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 289 км, Алматы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 331 км жерде, Іле өзені аңғарында, Жетісу (Жоңғар) Алатауынан бастау алатын Үсек (Өсек) өзенінің сол жағалауындағы бұта, шіліктал аралас бетеге, сұлыбас, сарсазан, т.б. әр түрлі астық тұқымдасты шөптер өскен қоңыр, шалғын топырақты жазықта орналасқан.

Экспедиция барысында Ілебалық, Тышқан, Ақкент, Түргенкент т.б. ортағасырлық қалалардың орнына фото-видео фиксация жасалып, жергілікті информаторлардан сұхбат алынды.

Ілебалық. Жетісу облысының Жаркент өңіріндегі Іле өзенінің өткелдері тұсында ежелгі сауда керуендері аялдап, аяқ суытар бекеттері көптеп кездеседі. Ондай ежелгі қалалардың бірі Ілебалық туралы зерттеуші Карл Байпақов «Қаланың қайда орналасқаны анықталмаған, алайда кейінгі уақытта Іле өзенінің оң жағалауына жүргізілген зерттеулер аталмыш қаланы Жаркентке жақын жердегі Көктал ауылы маңындағы ортағасырлық қалашықпен бір екенін анықтауға негіз береді. Қала XI-XIV ғасырларда өмір сүрген» [4, 309] деп дерек береді.

Осы өлкенің тумасы, өлкетанушы, тарихшы «Тарихи толғаулар және Жаркент өңірі» кітабының авторы Қали Ибрайымжановтың көрсетуінше, өзен бойын жағалай 500 га жерді алып жатқан ортағасырлық қала орны 2016 жылғы археологиялық қазба жұмысы нәтижелеріне жүргізілген зерттеу негізінде анықталған. Ілебалық – Моғолстан мемлекетінің бас қаласы – Алмалыққа таяу орналасқан ірі сауда орталығының бірі. Қазба жұмысы кезінде Ілебалықтың қиранды жұртының X-XIV ғасырларға жататын шикі және күйдірілген кірпіштер, хумдар, диірмен тасы, қыш құмыра сынықтары, 400-дей Қараханид заманының теңгелері, әйелдерге арналған 5 сақина табылды. Бір қызығы, 2 сақина таза күмістен, 2 сақина қымбат коралл тастарынан жасалған. Зерттеушілер қымбат коралл тастар Үндістаннан әкелінуі мүмкін деген жорамал айтады. Сондай-ақ, Еуразияның әйгілі теңге сарайларында соғылған соншама теңгелер көмбесінің табылуы – сонай алыс замандарда халықаралық сауданың қызу жүріп, жан-жақты көлемде дамығанын танытса керек. Мәселен, Іленің арғы бетінде Талхирдың (қазіргі Талғар қаласы) X-XIII ғасырларда Иран, Қытай, Орта Азия және Үндістан, Жапониямен халықаралық сауда байланыстар жасағанын археологиялық зерттеу нәтижелері дәлелдеп отыр. Олай болса, осы аймақты басып өтетін асыл бұйымдар мен қымбат тауарлар тиеген сауда керуендерінің өз дәуірінде дүрілдеп тұрған әйгілі қала – Ілебалыққа соқпай өтуі мүмкін емес!

Ал сақиналарда бедерленген үшқұлақты гүлдер орнаменті б.з. III ғасырына тән өнер түрі дейді зерттеуші Қали Ибрайымжанов. Ілебалық қаласының қиранды жұртынан табылған тағы бір ғылыми олжамыз – ерте заманғы ақсүйек әйелдің кабірінің табылуы. Басы батысқа, аяғы шығысқа қарата қойылған әйел мәйітінің басында сәукелеге ұқсаса бокка аталатын баскиімі болған. Металл

цилиндр тәрізді әйел баскиімінің биіктігі 50 см., қызыл түсті матамен қапталған. Басқы бетінде ақ түсті моншақтармен және өте ұсақ әйнек түйіршіктерімен көмкерілген әдемі өрнегі бар. Ол өрнектің қандай мағына беретіндігі, қай мәдениетті бейнелейтіні әзірге белгісіз.

Әйел қабірінің айналасы толған ересек адамдар мен сәбилердің мәйіттері. Осы ақсүйек әйел қабірі жатқан жер деңгейінен табылған теңгелерде 1287 ж. Таразда соғылғандығы туралы жазу бар.

Қорыта айтқанда Ілебалық – Іле бойындағы қала – ортағасырлардағы сауда орталығының бірі болған, Ұлы Жібек жолында орналасқан, қайнаған тіршілік ордасы, түркілердің мәдениет, өнер, діни таным ошағы болғаны сөзсіз.

Бұл өңірдегі түркілердің түп тарихына бастайтын көне топонимнің бірі – **Өсек** өзенінің атауы. Өзеннің негізгі атауы – Үсек болу керек деген пікірлер бар. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының 4-ұрпағы Тоқайтемірден тарайтын Әбусағид түркі жұртына өз-Жәнібек аталып еді.

Өз-Жәнібектің 9 баласының бірі – Үсек сұлтан – атақты Қасым ханның тумаласы. Зерттеуші М.Солонтаевтың пайымдауынша, Түркістан мен Қашқардың ортасындағы Жетісу жері осы әулеттің иелігінде болды, Үсек сұлтан осы өзеннің бойындағы жайлаулардың бірінде дүниеге келген болуы мүмкін. Шығай ханның ұлы Ондан сұлтанның әйелі туралы академик Әлкей Марғұлан келтірген деректерде: «Хатыны Алтын ханым – Үсекұлы Болат сұлтанның қызы еді...» дейді. Үсек сұлтанның тікелей ұрпағы – Кіші жүздің ханы – Әбілқайыр хан.

Шоқан Уәлихановтың Құлжа сапарының күнделігінде Үсек өзені бірнеше жерде аталып, картаға Үсек түрінде түсірілген. Зерттеушілер «Үс» - су, «ек» - ана деген мағынаны білдіреді, олай болса өзеннің атауы «су анасы» деген ұғымнан шыққан болуы мүмкін деген де болжам айтады.

Әрине, өзеннің атауы біздің қазіргі түсінігіміздегі «өсек» сөзіне еш қатысы жоқ екені түсінікті. Біздің ойымызша, өзеннің атауы «өзек» сөзінен шығуы да мүмкін. Топонимтану ғылымының заңдылығы бойынша, өзен, бұлақ, тау, құм, сай сияқты табиғат құбылыстарының басқа түсінікпен байланыспай, тікелей аталуы ол топонимнің өте ежелгі және алғашқы екенін көрсетеді. Өзек сөзі орыс картасына Узяк, Усяк тұлғасымен түсіріліп, кейін ауызша Өсек сөзіне айналып кетуі бек мүмкін.

Осы өңірде **Тышқан** топонимі бірнеше рет кездеседі. Қазір Тышқан өзені бар, сол өзеннің бойынша ортағасырлық Тышқан қаласының орны жатыр. Жетісу Алатауының асқаралы ақ қар басқан оңтүстік сілемдері Тышқантау аталады.

Жаркент өңіріндегі ортағасырлық ежелгі қалалардың бірі – **Түргенкент**. Қала әрі сауда орталығы, кереуенсарай тұрған орын әрі жаудан қорғанатын қорған қызметін де атқарған сыңайлы. Қаланың сырты айнала сары топырақпен соқпа арқылы соқылған, қалыңдығы 2,5 м., биіктігі 3-4,5 м. дуалмен қоршалған. Дуал сыртында ені 6 м болатын ор қазылған. Ор мен дуалдың арасында 10 м бос аралық бар. Қорғанның оңтүстік батыс жағы ашық алаңқайлы, бірақ, бір ерекшелігі, ұзындығы 60-70-80 м, ені 30-36 м болатын ұзынша тамдар осы бөлегінде орналасқан. Қазылған шұңқырлардан байқалғандай, қамалдың солтүстік шығыс жағынан 50-70 м тереңдікте 3-5 см күл қабаты бар. Соған қарағанда, бұл қорған өмір сүруін тоқтатар алдында жермен жексен болып өртелген сияқты. Қамалдың қираған орнынан өткен дәуірдің белгісі болып, бізге жеткен қыш құмыралардың, шойын, темір, шыны ыдыстардың сынықтары көптеп кездеседі.

Алмалық - Орта Азиядан Қытайға баратын керуендер жүретін жолдағы маңызды жерлердің бірі, Хоргос маңайында болған қала (Құлжа қаласының маңайында). XIII-XIV ғғ. шығыс Шағатайлықтардың бас ордасы болған, онда негізгі қоғамдық және діни ғимараттар болған (мешіттер және Шағатайлықтардың мазарлары). Алмалық XV ғ. соңында күйреген. Хонакай - Жетісудағы ежелгі қала [5, 79-81].

Қайнақ - (Рубрук бойынша Sailas - Кайлак) - VIII-XIII ғғ. Қаратал өзені жазықтығында Қарлұқ хандығының орталығы болған ежелгі қала. Оның қиандысы Дүнгене атымен Талды-Қорған қала- сының маңайында [6, 82-84]

Алмату - Іле Алатауының етегіндегі ежелгі қала, 1854 ж. оның орнында Верный қамалы тұрғызылған [7].

Қорытынды

Байырғы түркілер мекен еткен, Үйсін мемлекетінің негізі қаланған Жетісу аймағындағы Жаркент, Аккент, Түргенкент, Ілебалық, Тышқан, Жыңғыл, Дөнгене, Қарақол, Науа, Алмалы, Қайнақ т.б. қала, кент, қыстақ, қамал, керуен сарай, тау, бұлақ, өзен, құм атаулары түркі жұртының сонау көне дәуірінен хабар беретін түркінегізді топонимдер екені сөзсіз. Олар ежелгі замандардан бері осы жерлерді мекендеген халықтардың мәдениеті, өмір салты мен саяси құрылымы туралы ақпарат береді. Бұл аймақтардағы атаулардың көбі түркі тілдерінің дамуымен және олардың басқа тілдермен өзара байланысымен тікелей байланысты. Көне түркілік топонимдер арқылы ежелгі дәуірдегі географиялық шекараларды, сауда жолдарын және қоныс аудару бағыттарын анықтауға болады. Бұл, әсіресе, қытайлық және шығыс дереккөздерінде дәлдікпен жазылған карталар мен сипаттамалар негізінде маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: Оқулық. – Алматы: Б.И., 2014. – 540 бет.
2. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1998. – 194 стр.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Орысшадан аударған Ипмағамбетов Ә. – Алматы: Жазушы, 1980. - 412 бет.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна LTD, 2005. – 316 бет.
5. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. Сочинения, т. IV. – Москва: Наука, 1966.
6. Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. — Алматы: Гылым, 1993; А.Н. Бернштам. Памятники старины Алма-Атинской области. «Известия АН КазССР», серия археологическая, вып. I, Алма-Ата, 1948.
7. В.Д. Городецкий. Остатки древнего поселения к югу от г. Алматы (бывш. Верный). - В.В. Бартольду туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927, с. 145-150; А.Н. Бернштам. Прошлое района Алма- Ата. Алма-Ата, 1948.

ДРЕВНИЕ ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ В ЖЕТЫСУ РЕГИОНЕ

***Б.И.Нұрдаулетова¹, Д. Алиаскаров²**

¹Университет Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Аннотация. В настоящее время сфера использования названий географических объектов на территории Казахстана расширяется в международных договорах, официальных документах,

зарубежных средствах массовой информации и в интернете. Корректное орфографическое и орфоэпическое оформление топонимов, общих для всех тюркских народов, неразрывно связано с их научной интерпретацией и грамотной транслитерацией с других систем письма. В этом контексте изучение материалов, хранящихся в библиотеках и архивах Китая и стран Востока, представляет особую актуальность, поскольку они являются историко-географической и лингвистической основой интеграции тюркских народов через географические названия.

Для выявления современного состава топонимов Центральной Азии, а также их вариантов в других языках и старых письменных источниках, важно проводить исследования, основанные на исторических данных. Особое значение имеет изучение топонимической системы от ранних этапов существования казахских племен до их формирования в единую нацию. Следует учитывать, какие племена и роды обитали в Центральной Азии в разные исторические эпохи, на каких языках они говорили, какую религию исповедовали и каковы были их взаимоотношения с соседними народами. Лингвистические и исторические источники, а также археологические находки подтверждают не только культурное, но и глубокое родство древних гуннов и саков с современными тюркоязычными народами, в том числе с казахами. При историческом рассмотрении топонимов необходимо учитывать всю территорию, где проживали скифы, гунны и древнетюркские племена. В исследовании охватываются регионы Центральной Азии, Монголии, юга России, Сибири и Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая, где до наших дней сохранились тюркские топонимы.

В статье проводится анализ древнетюркских топонимов в приграничных районах Казахстана и Китая, их историко-этимологические характеристики, географическое расположение, а также изменения в их транскрипции в разные исторические периоды. В качестве исследовательского материала используются данные полевой научной экспедиции, проведенной в 2024 году на трансграничной территории Казахстана и Китая.

Ключевые слова: Тюркские топонимы; Жетысуйская область; трансграничная зона; китайские сведения; топонимические слои; карта Кашгари; древние гунны и саки; "26 истории"; тюркская цивилизация.

ANCIENT TURKIC TOPONYMS IN JETYSU REGION

***B.I. Nurdauletova¹, D. Aliaskarov²**

¹Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: nurdauletova@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Abstract. Currently, the scope of usage of geographical names in Kazakhstan is expanding in international treaties, official documents, foreign media, and the internet. The correct orthographic and orthoepic formalization of toponyms common to all Turkic peoples is closely linked to their scientific interpretation and accurate transliteration from different writing systems. In this context, studying materials stored in libraries and archives of China and Eastern countries is highly relevant, as they serve as the historical-geographical and linguistic foundation for the integration of Turkic peoples through place names.

To determine the current composition of Central Asian toponyms and their variations in different languages and old scripts, it is crucial to conduct research based on historical data. The study of the toponymic system from the early existence of Kazakh tribes to their formation as a nation is of particular importance. It is necessary to analyze which tribes inhabited Central Asia in different historical periods, what languages they spoke, what religions they followed, and their interactions with neighboring nations.

Linguistic and historical sources, as well as archaeological findings, confirm not only cultural but also deep ancestral connections between ancient Huns, Saka, and modern Turkic-speaking peoples, including Kazakhs. When considering toponyms from a historical perspective, it is essential to encompass all regions where Scythians, Huns, and ancient Turkic tribes lived. This study includes areas of Central Asia, Mongolia, southern Russia, Siberia, and the Xinjiang region of China, where Turkic toponyms have been preserved to this day.

The article analyzes ancient Turkic toponyms in the border regions of Kazakhstan and China, exploring their historical and etymological characteristics, geographical locations, and transcription changes over different historical periods. The study is based on data collected during a field scientific expedition conducted in 2024 in the Kazakhstan-China transboundary region.

Key words: Turkic toponyms; Zhetysu region; transboundary zone; Chinese information; toponymic layers; Kashgari map; ancient Huns and Saks; “26 history”; Turkic civilization.